



16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ!

ТӘУЕЛСІЗДІК



Көк тудың желбірегені –
Қазақтың асқақ беделі.
Махаббат, қайрат екеулеп,
Шымырлатқаны денені.

Көк тудың желбірегені –
жаныма қуат береді.
Таласқа түссе жан мен ту,
Жан емес, маған керегі –
Көк тудың желбірегені.

Көк тудың желбірегені –
елдіктің асқақ өлеңі.
Әр жаққа тартпай, қазағым,
Бір сөзге жинал дегені.

Көк тудың желбірегені –
бақыттың елжірегені.
Қиырда қалған қазақтың,
Азат отанға жете алмай,
Көзінің мөлдірегені.

Алмас
АХМЕТБЕКҰЛЫ,
АҚЫН

ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛҒАЙ!

МЕРЕЙ

Біздің бағымызға бұйырған, бақытты өмірімізді қамтамасыз еткен Тәуелсіздігімізге 27 жыл толды. Бір жағынан қарасаңыз, аз уақыт, екінші жағынан, осы жылдары Елбасының баянды басшылығы мен халықтың бірлігінің арқасында үлкен асулардан өттік. Әр жыл баршамызға құт-бөреке сыйлап келеді. Ата-бабаларымыздың асыл арманы – тәуелсіздік ақыры бұйырып, соның рахатын көруге Алла нәсіп етті. Осы бақытты күндердің ұзағынан болуы өзімізге байланысты. Сондықтан қазіргі жастар аман болса, солар оқып, терең білім алса, елге адал қызмет атқаратыны даусыз. Өйткені олар – Отанын сүйетін нағыз патриоттар.

Бірде Елбасы: «Отанды сүю – ерекше бақыт, ал оның аптабына күйіп, аязына шыдау әркімге бұйыра бермейтін бөлек дүние. Оның жолында оза шапсаң да, шоктай жансаң да, жанып жатып арманда қалсаң да жарасады. Бұл – ата-бабаларымыздың асыл арманы. Біз

БІЗ – БАҚЫТТЫ ҰРПАҚПЫЗ!

тәуелсіздікті бабалардың нақылымен, халқымыздың парасатты ақылымен алдық. Тәуелсіздік – тарихтың толқыны, шайқалмай, уақыттың соққысын байқамай өз бетінше тұратын тұғыр ғана емес, оны қолда ұстап тұратын тек шарболаттай шындалған рух, наркескен жаңашыл мінез, арайлы ақ таң үшін күрес. Міне, мәңгілік жасайтын елдің өмірлік ұстанатын кепілі – осы» деген еді.

Еліміз үшін жан аямай жұмыс істеп жатқан жастар, өнегесі мол қарттар аман болсын! Бәріміз бір жұдырықтай жұмылып, біріміздің ойымызды екіншіміз айтпай түсінетін имандылықтан айырылмасақ, әлі талай шынды бағындырамыз.

Әлем тарихынан өз орнын айқындаған Қазақ елінің ертеңі ертегідей жалғасып, дамыған елдердің қатарынан көріне берейік. Тәуелсіздік мерекесі әр шаныраққа шуақ сыйласын!

Жақсылық ҮШКЕМПРОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

Тәуелсіздік қазақтың өмір бойы аңсаған арманы, көксеген мұраты. Тәуелсіздік – қадірі мен қасиеті бөлек, ұғымы ұлы мерекеміздің бірі. Бірі ғана емес-ау, бірегейі! Тіпті бас мерекеміз деп айтсақ та артық болмайды. Өйткені, осы тәуелсіздікпен ғана ұлт ретінде сақталып, мемлекет ретінде өлемге танылды. Тәуелсіздікпен қазақ та, оның мемлекеті Қазақстан да танылды. Әлем бізді осы тәуелсіздіктің арқасында көріп, білді.

Біздің халық кастерлі тәуелсіздіктің, еркін егемендіктің арқасында бейбіт күнге қол жеткізіп отыр. Қазір кез келген адам барам деген жеріне бара алады. Көрем деген қызығын көреді. Істеймін деген жұмысын істеп жатыр. Осының бәрі тағылымы мол тәуелсіздігіміздің арқасы.

АҢСАҒАН АРМАН, КӨКСЕГЕН МҰРАТ

Бұл күн – ата-бабаларымыздың жүздеген, мыңдаған жылдар бойы аңсап, армандаған тәуелсіздігі. Бұл күн бізге сый ретінде аспаннан түсе қалған жоқ. Осы еркіндік үшін бұрынғы өткен баһадүр бабаларымыз қасық қаны қалғанша күресті. Жан аямай шайқасты. Осындай ұлан-қайыр жерін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, көзінің қарашығындай сақтап, ұрпағы – біздерге аманат етті. Енді сол тәуелсіздікке ие болу, елдікті сақтау, мемлекеттің болашағын жасау – әрбір азаматтың қасиетті борышы болу керек. Сондықтан, Тәуелсіздік күнін дәріптеу арқылы, қасиетін айту арқылы бұл күннің қадір-қасиетін халық жүрегіне орната білуіміз керек.

Жас qazaq газеті арқылы барлық отандастарымды ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіздігіміз баянды, елдігіміз мәңгілік болсын!

Омархан ӨКСІКБАЕВ,
Мәжіліс депутаты



СҮЙІНШІ!

ҚАНДАСТАРЫМЫЗ ЕЛГЕ ОРАЛАДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында қазақ елін қуанышқа бөлеген ақжолтай жаңалық тарады. Алтайдың ар жағында тұратын 2 мың қандасымыз Қытайдан шығуға рұқсат алды. Бұл туралы сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров хабарлады.

Сыртқы істер министрлігі ресми өкілінің мәліметінше, қол жеткізілген уағдаластықтың нәтижесінде бірқатар этникалық қазақ Қазақстан аумағында тұрып жатқан туыстарымен қауышады. Қытай тарабы өз елінің азаматтығынан шығу тәртібін жеңілдетті. Мәселен, биылғы тоғыз айда 2,5 мың қазақ Қытай азаматтығынан шығу құжатын рәсімдеген.

Айтпақшы, осыған дейін 29 қандасымыздың қос азаматтығы болғаны үшін айыпталып, ұсталғаны туралы айтылған еді. Оның 15-і түрмеден босап, аман-есен елімізге оралды.



(3-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

60,20



DOLLAR

370,11



EURO

419,37



РУБЛЬ

5,58

АҚЖОЛТАЙ

Бауырлас Мажар елінде оқығысы келетін еліміздің студенттері үшін алдағы жылы 250 білім беру гранты бөлінді. Бұл туралы Мажарстанның еліміздегі Төтенше және өкілетті елшісі Андраш Барани Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында мәлімдеді.

МАЖАРСТАННЫҢ БІЛІМ ГРАНТЫ

Ол: «Екі ел арасындағы достық қарым-қатынас жыл санап артып келеді, бұл қуантарлық жағдай. Осы тұрғыда біздерді байланыстыратын ынтымақтастық салалардың бірі ол – білім. Өткен жылы Мажарстанда оқығысы келетін қазақстандық студенттер үшін білім грантының саны 40 болған, биыл оның саны 200-ге жетті. Алдағы жылы Stipendium Hungaricum бағдарламасы аясында Мажарстанда оқимын деуші студенттер үшін 250 білім беру гранты бөлінді», – деді. Оның айтуынша, мажар елінің гранттар санын көбейтуіне себеп, биыл бөлінген 200 білім беру грантына 1 мыңнан астам отандасымыз өтінім білдірген. Мажарстанға алдағы оқу жылына грантка үміткерлердің өтінімі 2019 жылдың 15 қаңтарына дейін қабылданады.



БИЛІК

Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев индустрияландыру картасы жобаларын таныстыру рәсіміне қатысты.

Индустрияландыру күніне арналған телекөпір барысында мемлекет басшысына индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асырылған 28 жаңа жоба таныстырылды. Әлемдегі қалыптасқан жағдайларға қарамастан, елімізде құрылымдық өзгерістер мен институционалдық реформалардың іске асырылып жатқанына тоқталған Елбасы: «Біз ел экономикасын әртараптандыру жөнінде шаралар қабылдап жатырмыз. Бизнес жүргізуге қолайлы жағдай қалыптастыру, инвестициялық ахуал мен

ішінде 100 кәсіпорынды биыл іске қостық. 300 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Бүгінде әлемнің 110 елі Қазақстанда шығарылған өнімді тұтынуда. Соңғы жылдары біз бұған дейін елімізде жасалмаған бұйымдардың 500-ден астам түрін

экономикасы әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін дамудың түбегейлі жаңа моделіне көшуге тиіс. Еуразия экономикалық одағы және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» халықаралық бастамасы аясындағы қазіргі



ЖАҢҒЫРУДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

сот жүйесін жақсарту жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Былтыр еліміздің Үшінші жаңғыруын бастадық. Быыл Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру жөнінде жария еттім. Қазіргі Жолдаудың негізгі мақсаты — қазақстандықтардың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасын арттыру», — деді. Президент еліміздің алдында экономиканы одан әрі әртараптандыру, инфрақұрылымды жақсарту және өнімділікті арттыру жөніндегі ауқымды міндеттер тұрғанын да атап өтті. Индустрияландыру бағдарламасы еліміздің орнықты және әртараптанған экономикасын құру үдерісінде негізгі рөл атқаратынын айтып, оны іске асыру барысындағы нақты нәтижелерге тоқталды. «Біз индустрияландыру кезеңінде 1250 жаңа кәсіпорын құрдық, соның

шығарып, 50-ге жуық жаңа тауар түрін экспорттап отырмыз», — деген Елбасы шетелден келген инвестицияның төрттен бір бөлігі өңдеу секторына тиесілі екенін айтып, металлургия, машина жасау, инфрақұрылымдық даму және көлік-логистика салаларында жүзеге асырылған жобалар жөнінде әңгімеледі. Сондай-ақ экономиканың түрлі салаларын цифрландыру және бірқатар кәсіпорынның өндіріс үдерісіне инновациялық шешімдерді енгізу барысына тоқталды. Нұрсұлтан Назарбаев: «Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін қамти отырып, өнеркәсіпті технологиялық тұрғыдан қайта жарактандыру индустрияландыру бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігі саналады. Қазақстан

экономикалық әлеуетті мейлінше тиімді пайдаланып, оны арттыру қажет», — деді. Мемлекет басшысы индустрияландырудың үшінші бағдарламасының стратегиясын нақты нәтижелерге бағыттай отырып, жан-жақты пысықтау керек екенін атап өтті. Н.Назарбаев индустриялық даму үдерісіне «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен IT стартаптардың халықаралық технопаркін тарту қажеттігін хабарлады. Бұл ретте, Үкіметке әртараптандыру және индустрияландыру мәселелерін кешенді түрде шешуге күш жұмылдыру жүктелді. Іс-шара соңында Нұрсұлтан Назарбаев «Парыз» және «Алтын сапа» сыйлықтарының жеңімпаздарын марапаттады.

akorda.kz

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ

2432

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы биылғы 11 айда тіркеген қылмыс

1000

тонна. Еліміз Қытайға ет экспорттады

1914

Астанада биыл осынша азамат некеге тұрған

45 МАН

теңге ақтөбелік есепші мемлекеттік мекеменің ақшасын жымқырған

8000

ақтөбелік тұрғын туу туралы куәлікті ұялы телефон арқылы рәсімдеді

200 МАРД

теңге – отандастарымыздың былтырғы жаңа жылды тойлауға жұмсаған қаржысы

ЛЕБІЗ

ТРАМП ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Америка Құрама Штаттарының президенті Дональд Трамп жеке өзінің және барша Америка халқының атынан Қазақстан халқын Тәуелсіздіктің 27 жылдығымен құттықтады. «АҚШ Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылы алғаш рет мойындаған уақыттан бері елдеріміз үнемі

екі жақты байланыстарды нығайту жолында жұмыс жүргізіп келеді. Сіздің биылғы қаңтардағы Вашингтонға сапарыңыз осы жылдар ішінде елдеріміз арасында қалыптасқан қарым-қатынастарымызды ілгерілетуге және нығайтуға тың серпін берді», – делінген жеделхатта.

МАҢҒЫСТАУДА:

5

ежелгі жерасты мешіті

20

құдық табылды

Табиғат

ОБЪЕКТИВТЕ – ҚАР БАРЫСЫ

«Іле Алатауы» ұлттық паркі аймағында тарихта тұңғыш рет бірегей бейне материал түсірілді. Суретте үш қар барысының тау беткейін бойлай кетіп бара жатқан сәті бейнеленген.

Орайы келген әңгіме

Осы аптада Үкімет сағатында Мәжіліс депутаттары алдында есеп берген ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев технологияның жедел дамуына байланысты он жылдан кейін кибераналитик, цифрлық тігінші, генетикалық код редакторы секілді жаңа мамандықтар пайда болатынын айтты. Тіпті 2030 жылға қарай әлемде мамандықтардың 85 пайызы жаңарады екен. Журналистер қауымы еліміздегі БАҚ және цифрландыру бағдарламасы аясында қандай жұмыстар атқарылатындығын министр Дәурен Әскербөкұлынан сұрап білді.

Дәурен АБАЕВ:

ЖАСТАР ЖАҢА МАМАНДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУІ КЕРЕК

— Қазір қоғамда ұялы телефон нөмірін тіркеуге алуға қатысты түрлі қауесет бар. Әрбір адамның басқан ізін аңдып отырады дегенде пікірлер айтылуда. Күн сайын қалта телефонға «Тіркеліңіз, ЖСН нөміріңді жіберіңіз» деген хабарлама келеді. 1 қаңтарға дейін тіркелмеген жағдайда, жаңа жылда халық байланыссыз қалып, дүрбелеңге түспей ме? Дәурен Абаев: Ұялы телефонның sim карталарын тіркеуге алу — біреуді анду үшін емес. Егер анду қажет болса, тың тындайтын болса, оған жауапты органдар бар. Оның өзінде бұл әрекетті белгілі бір заң шеңберінде, тиісті рұқсатпен ғана жасайды. Егер рұқсатсыз болса, жаза, шара қолданылады. Не үшін тіркеледі дейсіздер? Мысалы, бір ІМЕІ колпен бірнеше sim картаны тіркеп алатын азаматтар кездеседі. Шетелден алып келеді де, алып-сатарлықпен айналысатындар бар. Олар қандай жолмен сатып алып жатыр, ол жағы белгісіз. Бұл жерде қауіпсіздік мәселесі туындайды. Тағы бір дерек айтайын. Еліміздегі 16 жасқа толмаған жасөспірімдерге қатысты қылмыстың 80 пайызы телефонмен байланысты болады. Жалпы телефон нөмірін тіркеу аса бір күрделі емес. Тек ЖСН нөмірін жібересіз, оның қиындығы жоқ. Негізінен, ұялы байланыс операторларында сіздің нөміріңіз туралы мәлімет болады. Сатып алған кезде операторлар оның бәрін есепке алады. Қазіргі науқан сол мәліметтерді растау үшін ғана қажет. Сондықтан жаңа жылдық мерекелер кезінде байланыс қызметінде тіркеуге байланысты дүрбелен туындамайды деп

сенемін. Тек қана желідегі жүктемеге байланысты техникалық кедергілер болуы мүмкін. Оның sim картаның тіркелуіне қатысы болмайды.

— Біздің халықты алаңдатып отырған тағы бір түйткіл — мерзімді басылымдарға жазылуды міндеттеу. Жасыратыны жоқ, әсіресе өңірлерде әкімдік тарапынан бақылау жүргізіп, мәжбүрлі түрде республикалық, облыстық, аудандық газетке жаздырады. Ол бюджеттік мекеме қызметкерлерінің қалтасына айтарлықтай салмақ салады. Министр ретінде осы мәселеге қатысты қандай пікір айтасыз?

Дәурен Абаев: Мәжбүрлеп газетке жаздыруды қолдамаймын. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына мүмкіндік беруіміз қажет. Яғни оқырман өзіне қажет басылымды іздеп жүріп оқитындай болуы тиіс. Ол үшін газет-журналдарда контент, мазмұнды, сапалы материалдар жариялануы

керек. Бұрынғыдай, газеттер жаңалықтың жаршысы деңгейін өзгертуі керек. Өйткені, ол ақпараттар ауыл-аймаққа жеткенше мәні кетеді. Бірақ сол ақпаратты толықтырып, жан-жақты зерттеп, сараптап берсе, оның жөні басқа. Жалпы, цифрландыруға көшкенмен газеттер өзінің маңызын жоғалтпайды. Өйткені, мерзімді басылымдағы толыққанды, жан-жақты жазылған материал оқырманға қашан да қажет. Оны әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Гарвард университеті ғалымдарының зерттеуі бойынша, оқырман онлайндағы ақпаратқа көз жүгіртіп, басын, тақырыбын ғана оқи салады да өтіп кетеді. Ал газетті қол алған кезде адам оны қайта-қайта парактап отырып, астын сызып отырып, тұшынып оқиды. Бұл жарнама берушілер үшін таптырмас мүмкіндік. Олар осы максатта газетті іздейді.

— Цифрландыру деп қалдыңыз. Осы бағдарламаны жүзеге асыру кезінде технологияның дамуымен бірге елде жұмыссыздық мәселесі туындамай ма? Себебі бірнеше адамның жұмысын бір құрал атқаруы мүмкін.

(Жалғасы 3-бетте)

Сөз-Жебе

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, ішкі істер министрі:

«Жыл басынан бері 15260 адам өзге елдің азаматтығын алып, Қазақстанның төлқұжатын өткізбеген. Соның ішінде 550- ден астам адам әкімшілік жазаға тартылды. Ал 102 адам елден шығарылып, қалғаны айыппұл төлеп кетіп қалды. Мемлекеттік төлемдерді заңсыз пайдаланып жүргендердің барлығы Ресейдің азаматтығын алғандар. Олар туралы Мәскеуден ақпарат алу да мүмкін емес. Екі ел арасында келісім болмағандықтан, көршілеріміз адам туралы жеке ақпарат бермейді. Қазіргі таңда министрлік Ресей, Әзірбайжан, Түрікменстан, Қырғызстан, Армения, Грузиямен ақпарат алмасуды қарастыратын құжат дайындап жатыр. Ал Тәжікстанмен осындай келісімді Мәжіліс мақұлдады»

Қазақстан сыртқы істер министрлігінің ресми мәлімдемесі жанымызды жадыратқан ақжолтай жаңалық болды. Министрліктің арнайы өкіл Айбек Смадияров Астанада өткен брифингте: «Дипломатиялық арналар арқылы қытай тарапымен жұмыс жүріп жатыр. Қытай тарапы ізгі ишара ретінде Қытай аумағынан екі мыңнан астам қазақтың шығуына рұқсат берді», – деді. Жұмыстың басы оңымен басталыпты. Бұл екі мың деген цифр күні ертең жиырма мың, арғы күні 200 мың болып еселенбесіне кім кепіл.

ҚАЗАҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Екі ел арасындағы сауда, экономика, дипломатия жағынан айтулы үлкен мәселе болып көрінбегенімен, шеттегі және Отанына оралған қазақ үшін үлкен жаңалық! Дүниежүзі казактарының 5-құрылтайында бұл мәселе мінбеден Президент назарына жеткізілген болатын. Екі жылдан бергі шытырман оқиға, бөлініп жарылған отбасылар, Сайрагүл Сауыпбай төнірегінде туындаған жағдайлар жұртты қатты өбігерге салды. Елбасымыздың көңіл бөлуімен, сыртқы істер министрлігі қызметінің жанқиярлығы арқасында халықты қуанышқа бөлеген сүйінші хабар бәрімізді шаттыққа бөлеп отыр. Осыған дейін баспасөзде, әлеуметтік желіде орынды-орынсыз жазғыру, айыптаулар да болды. Оның өзіндік себебі де бар еді. Шеттегі казактын Қазақстаннан өзге сенері, үміт артар тиянағы, арқа сүйер өзге Отаны жоқ. Сондықтан алыстағы ағайын арыз-арманын, өтініш-тілегін, мұн-зарын турасына айтпай қайтсін?!

Қытайдағы казактын қасіретінен іші күйіп ширыққан оралмандардың тағаты таусылып, «тар заманның» қыспағында тыпырлағаны рас еді. Осындай қысылтаян сәтте екі мың казактын елге оралуына қол жеткізу – үлкен жеңіс! Бүгінде әлемнің алпауыты Америкамен текетіреске шығып, экономикалық сауда соғысында шімірікпей қарсыласып отырған Қытайдың тілін тауып, ынғайына көндіру казак дипломатиясының жетістігі! Ол елдегі ұйғыр, қырғыз, дүнген ұлттарынан үш миллион мұсылманның тағдыры бізді алаңдататыны

анық. Солардың қатарында әртүрлі себеппен түрмеге тоғытылған, «қайта тәрбиелеу орталықтарында» отырып қалған он мыңдаған қандастарымыздың халі қабырғамызға қатты батып жүр еді...

Негізінде Қытайдағы қандастарымыз ол елдің заңына қарсылық танытып білікке, әлде, ел тыныштығына зәредей зиян келтірген жоқ. Діни экстремизмнен аулақ, жат ағыммен ауырмаған, таза қалпында өмір сүріп келе жатқан момын жұрт. Бүлік тудырып бөлшектенуге бой ұрмады. Сөйте тура, қосаққа тіркеліп, орынсыз айыптаумен жазаланып, үрейдің құшағында «үйренуге» кіргізіліп, онан ары түрмеге тоғытылып, сотталып, берекесі кеткенін кімнен жасырамыз?

Сүйінші!

Шинжаңдағы тоңның жібі бастағаны, соның арқасында алғашқы 2 мыңнан астам қандасымыздың өлге оралатыны туралы сүйіншілі хабарды естіп, бәркімізді аспанға атып, қуанып жатқан жайымыз бар.

Соңғы екі-үш жылдан бері ресми Бейжің ҚХР аумағында жемқорлықпен күрес, «екі беткейлермен» күрес, «үш түрлі күшпен күрес» деп (*сепаратизм, діни экстремизм, терроризм*) аталатын саяси науданның көрігін қыздырып, тұтас ел көлемінде, соның ішінде, әсіресе Шинжаң, Тибет секілді



ТҮБЕГЕЙЛІ ОҢ ШЕШІМ БОЛАДЫ

«Аққа құдай жак» деген ғой, сол шаруаға сыртқы істер министрлігіне жазылған өтініш хаттармен, ең бастысы, Қазақстан сыртқы істер қызметінің шеберлігі мен ықпалдастығының арқасында екі мың казактын еркіндік алып елге оралғалы жатуы – ақ түйенің қарны жарылған ақжолтай жаңалық! Шекара қақпасы ашылып, шектеу доғарылып, шерменде болған бауырларымыздың басына бақыт қонсын!

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, ақын

ұлттық өлкелерде жаймашуақ заманның көзден балбұл ұшқаны әлемге аян. Аталған өлкелердің жергілікті билігі асыра сілтеуге орын бергенін, соның кесірінен мыңдаған жазықсыз жанның зардап шеккенін де естіп-біліп жатырмыз.

Бүгінде жер шарында сепаратизммен, діни экстремизммен, терроризммен күреспейтін мемлекет кемде-кем. Алайда соған бола тұтас ел тұрғындарының тыныш тірлігінің шырын бұзу, бейкүнә жұрттың құқын аяққа таптау, тұтас қоғамды үрей апанына айналдыру қалай айтсаң да, ақылға сыймайтын жағдай.

Ал енді тоңның жібі бастауына келсек, бұл ең әуелгі кезекте Қазақстан билігінің, нақтылап айтқанда, Елбасымыз Н.Назарбаевтың ағайындарға деген жанашырлығы мен сыртқы саясаттағы сәтті қадамының жемісі нәм жеңісі деп айтуға толық негіз бар. Елбасымыз тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап шығыстағы алып көршіміз ҚХР-мен қарым-қатынасқа ерекше екпін беріп, екі ел арасындағы достық, тату көршілік, сенімді әріптестік байланыстың қалыптасуы мен нығаюына барын салып келеді. Екіншіден, ресми Бейжіңнің жайлап ақылға келіп, қайталай ойлана бастағанын аңғартады. Үшіншіден, аталған науданның саябырлауына халықаралық ұйым мен әлемдік қауымдастың наразылығы да себепкер болғаны жасырын емес. Міне, екі ел арасындағы осындай тату көршілік пен сенімді әріптестік, өз кезегінде біздің биліктің «көршінің ішкі ісіне» түбегейлі араласпаса да, қандастары туралы қолқа салуға толық мүмкіндік бергені белгілі. Ол туралы Елбасымыздың сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахмановты қабылдап, Қытайдағы казактар мәселесі бойынша арнайы тапсырма бергенін еске алсақ та жеткілікті.

Бұндайда қоғамдық пікірдің де өз деңгейінде түрткілік рөл атқаратынын жоққа шығара алмасак керек. Осы реттен келгенде, біз де арғы беттен келген азамат ретінде, Астана қалалық «Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде, Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі ретінде, ақын, қытайтанушы ғалым ретінде Ақордаға, қатысты министрліктеріне, ҚХР төрағасы Ши Жиньпинге, ҚХР СІМ-не, Қазақстандағы Қытай елшісіне, Қытайдан Қазақстанға ресми сапармен келген әр деңгейдегі делегацияларға Шинжаңда бейкүнә жапа шегіп жатқан қандастарға жасалып

жеткен» кезіміз де болды. Шинжаңдағы жағдайға казак еліндегі осындай қоғамдық наразылықтың өрши түсуі де себеп болмай қалған жоқ.

Қысқартып айтқанда, Шинжаңдағы жағдайдың саябырлауы, мәселенің жайлап оң шешім таба бастауы – екі елдің достығының, тату көршілік қарым-қатынасының жемісі. Тәуелсіздіктің, азаттықтың жеңісі! Сондай-ақ алдағы уақытта ҚХР билігі ресми Астанамен достығын ескеріп, екі елдегі казак халқының Қытай билігіне қояр ешқандай саяси-территориялық талабы жоқ екенін ескеріп, ондағы қандастарымыздың жағдайы туралы түбегейлі оң шешім қабылдайды деп сенеміз!

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ, ақын-аудармашы

Орайы келген әңгіме

(Басы 2-бетте)

Дәурен Абаев: Бұл бағдарламаның іске асырылуымен бірге жұмыс күші қысқармайды. Еңбекпен қамту мәселесі – мемлекеттік басты назарында. Осы бағытта тиісті министрліктің жоспарлары, бағдарламалары бар екенін білесіздер. Мысалы, соңғы жылдары «кадрларды қайта даярлау, қайта оқыту» деген бастама жүзеге асырылып, қаншама адам түрлі курстан өтті. Технологияның дамуымен бірге жаңа мамандықтар пайда болады. Ол – өмірдің заңы. Жас ұрпақтың шығармашылық қабілеті мен сыни ойлауын дамыту мақсатында

Дәурен АБАЕВ:

ЖАСТАР ЖАҢА МАМАНДЫҚҚА БЕЙІМДЕЛУІ КЕРЕК



еліміздің орта мектептерінде 2-сыныптан бастап «Бағдарламалау негіздері» атты пән енгізіліп жатыр. Сондай-ақ техникалық, кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім реформасы аясында заманауи трендтерді ескере отырып, білім бағдарламаларын өзектендіру процесі жүруде. «Болашақ» институтының болжамы бойынша, 2030 жылға қарай әлемде мамандықтардың 85%-і жаңарады. Мүлде болмаған мамандықтар пайда болады. Оның ішінде деректермен жұмыс істеу

жөніндегі детектив, кибераналитик, генетикалық код редакторы, цифрлық тігінші, адамдар мен машиналардың командалық жұмысы жөніндегі менеджер секілді мамандықтар бар. Сондықтан жоғары оқу орындары заманауи трендтерді ескеріп, нарыққа қажетті мамандарды даярлауы қажет. Мысалы, көлік жүргізуші деген мамандықтың шыққанына – 100 жылдай, таксистердің өмірге келгеніне 90 жыл болған шығар. Ол кезде де осындай сұрақтар туындады. Мына көлікті кім жүргізеді, қалай жүргізеді деген мәселе болған шығар. Қазір екінің бірі көлік тізгінін басқара алады.

– Бірқатар жаңа мамандықтардың атын атадыңыз. Мысалы, 1 миллиардтан аса халқы бар көрші Қытай шетте жүрген 400 мыңнан аса білікті қандастарын еліне шақырып алып, жағдай жасапты. Ал бізде бытырдың өзінде 30 мыңға жуық адам Қазақстаннан көшкен. Оның ішінде бес мыңдай IT саласының мамандары бар. Оларды елге қайтару бағытында тиісті шаралар қолға алына ма?

Дәурен Абаев: Цифрландыру бағдарламасының басты мақсаты да сол, елімізде ақпараттық-технология саласын дамыту, мамандарға мүмкіндік беру. Егер елімізде жағдай болса, мүмкіндік болса, кеткен мамандар қайтып келеді. Бұйырса, IT университет ашылуы мүмкін. Мәселен, «Astana Hub» орталығында шетелде білім алып келген қыз-жігіттер жұмыс істеуде. Өйткені, олар сыртта бәсекелестіктің

жоғары екенін біледі. Сондай-ақ орталыққа мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Бұл да тиімді. Сондықтан сыртқа кеткен мамандардың елге ораларына сенімдімін. Қытай мамандары да 20 жылға жуық уақыт бойы шекара асып кетіп жатты. Ал қайта оралу тенденциясының басталғанына 1-2 жыл ғана болды.

Жазып алған Бейсен НАРЫНБЕК

Серпін

Форум-кеңес түріндегі басқосу БЖЗҚ бастамасы бойынша ұйымдастырылды. Оған қор қызметкерлері және еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация өкілдері, сондай-ақ кәсіподақтар, кәсіпкерлер палатасы мен аталған жүйенің бастауында тұрған тұлғалар, жетекші сарапшылар, саясаттанушылар, экономистер, БЖЗҚ жанындағы қоғамдық кеңес мүшелері, журналистер және салымшылар (алушылар) қатысты.



жоғалтқан еңбек табысының орнын басу коэффициентін арттыру. 2017 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-ның сараптамасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі зейнетақы төлемдерін алушылардың орташа ауыстыру коэффициенті 43

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ КӨБЕЙЕ ТҮСТІ

Н.Наурызбаева жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жемісті жұмыс істеп жатқандығын және даму келешегі айқын екендігін айта келе, оған зейнетақы жарналары ретінде барлығы 6,6 трлн теңге аударылғанын атап өтті. Ал төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударылған жинақтардың жалпы көлемі 1,2 трлн теңгені құрады. Жинақтардың үштен бірінен астамы салымшылар мен алушылардың шоттарына инвестициялық басқарушылардың күшімен инвестициялық табыс ретінде келіп түскен.

Заманауи жинақтаушы зейнетақы жүйесі алдында ашықтық, инвестициялық табыстылық мәселелерімен қатар, Қазақстан үшін өзектілігі артып жатқан бірқатар сын-тегеуріндер бар. Бұл халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесіне барынша тарту, сонымен қатар

пайызды құрады. Мұнда базалық және ортақ зейнетақы ескерілді. Жинақтаушы құрамдауыш есебінен ауыстыру коэффициентін ұлғайтуға 2020 жылдан бастап енгізілетін шартты жинақтаушы құрамдауыш – жұмыс берушілердің өз жұмыскерлерінің пайдасына аударатын 5 пайыздық міндетті зейнетақы жарналары елеулі түрде ықпал ете алады.

Н.Наурызбаева зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейінгі өмір сүру жасы 20 жыл екенін еске салды. Елімізде бұл көрсеткіш қазір 18 жылды құрайды. Жиында сөз сөйлеген ұлттық банк монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Тұрсынханов БЖЗҚ портфелінің кірісі нарықтық жағдайда 11-12 пайызды құрайтынын атап өтті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Соңғы 20 жылдың ішінде Астананың аумағы үш есе үлкейіп, 80 мың гектардан асты. Бастапқыда мұндай көрсеткішке тек 2030 жылы жетеді делінген. Тұрғындар санының өсуіне орай құрылыс та қарқынды жүріп жатыр. Алдағы бес жылда Астанада жаңа төрт тұрғын үй ауданы пайда болады. Қала әкімдігі аумағы 10 миллион шаршы метрден асатын тұрғын үйді пайдалануға беруді көздеп отыр. Жуырда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап өткізілген брифингте Астана әкімінің бірінші орынбасары Сергей Хорошун Елордада атқарылып жатқан оң істер жайында баяндады.

Жаңа аудандар Мыңжылдық, Мәңгілік ел және Тұран даңғылы, Тельман елді мекенінде бой көтереді. Осы орайда әкімнің бірінші орынбасары былай деді: «Негізгі 4 аудан белгіленді. Олар алдағы бес жыл ішінде салынып бітеді. Әр аудан бойынша инженерлік желі, су құбыры, көріз, электр қуаты және жылумен қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді пысықтайды».

Сөйтіп жана аудандар тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымнан бөлек, қажет жағдайда табиғи газбен де қамтылуы мүмкін. Айта кету керек, Елорданы «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету 2022 жылы жүзеге асатын деп күтілуде. Бұл жобаның мемлекеттік деңгейде жүзеге асып жатқаны белгілі. Жоспар бойынша табиғи газ Қызылорда облысы аумағынан «Сарыарқа» құбыр желісі арқылы жеткізілуі тиіс.

Әкімдік көлік мәселесіне жігі назар аударып отыр. Қаладағы автопарктің 70 пайызы жанартылды. Субсидиялау мәселесі де қарастырылып жатыр. С.Хорошун аталған саладағы ілкімді істерге тоқтала келе, «2020 жылдың

Өлемдегі қалаларда қалыптасқан үрдісі бар. Бірақ, соның өзі үнемі өзгеріске ұшырайды. Себебі қала дегеннің өзі қалыпқа симайтын құрылыс пен жолдан тұрады. Астанада да жағдай солай... Бұдан 9 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана қаласының жаңа қоғамдық көлік жүйесі» жобасын жүзеге асыруды тапсырған еді. Одан дейін не өзгерді? Осы сұраққа жауап іздегенде Елорданың заманауи үлгіде дамып келе жатқанына көз жеткізесіз. Жолдар кеңейтіліп, жаңа көпір салынды. Бұл қаланың құрылысын реттеуге серпін берді.

КӨШЕСІ КӨРІКТІ, ЖОЛЫ ДАҢҒЫЛ

Ел ордасының әдемі әрі тұрғындар үшін қолайлы болғаны маңызды. Қалаға ат басын бұрған қонақтардың да бірден көзі шалатын нәрсе осы. Жаңа көпір, жерасты өткелдері, кеңейтілген жолдар біздің де өлемдегі жаңалықтардан құр қалмағанымызды байқатады. Сол себепті Астана алдағы бес жылда адам танымастай өзгергелі тұр. Жолдардағы көлік қатынасы сирексіп, жүріп-тұру көлік жүргізушілеріне ғана емес, жаяу жүргіншілерге де жеңіл бола түспек. Осы тақырыпта түсініктеме берген қала әкімдігінің өкілдері: «Ш. Бейсеков, Акжол, Р.Қошқарбаев, Ұлы дала даңғылы арқылы айналмалы жол салу көлік қозғалысын оңтайлы ете түседі. Бұл транзиттік көліктерді қала ортасына соқпай, осы арқылы негізгі Тұран данылы, Мәңгілік Ел, Қабанбай батыр, Б.Момышұлы, Сығанак, Сарайшық көшелеріндегі жолдарда кептелісті азайтуға жол ашады», — дейді.

Алдағы уақытта Тауелсіздік даңғылын ұзарту ойластырылған. Осы арқылы Сарыарқа — Тұран, Мәңгілік Ел, Қабанбай батыр және Ш. Уәлиханов көшелерінде көлік қозғалысы реттеледі. Әкімшілік мамандарының айтуынша, жол құрылысы қаланың негізгі көшелерінде көлік жүрісін жеңілдетеді. Айталық, Кенесары көшесіндегі екі көпір К.Күмісбековтен Ш.Бейсеков көшесіне дейінгі, Сарыарқа және Бөгеубай батыр, сонымен бірге С.Сейфуллин көшелеріндегі көлік тығынның орта есеппен 10% жеңілдетеді.

Асан Кайғы көшесін жалғастыру арқылы Ж.Төшеновтен Бөгенбай батыр даңғылы, Ш. Уәлиханов көшесіне түсетін салмақты — 25% және Республика даңғылындағы тығынды 15% азайтады.

Ұлы дала даңғылын *(Тұран даңғылынан Ш. Айтматов көшесіне дейін)* және Ш. Айтматов көшесін *(Ұлы дала даңғылынан Орынбор көшесіне дейін)* ұзарту Тұран даңғылында *(15%)*, Орынбор көшесінде *(22%)* көлік қатынасын азайтады.

Сондай-ақ, Орынбор көшесінде көлік саны 25 000-тен 20 500 данаға дейін азаяды. Тұран даңғылында *(Ұлы*

ортасына дейін жеңіл рельсті көлік құрылысы аяқталады. Бұл да қаладағы көлік мәселесін тиімді түрде шешуге айтарлықтай ықпал етеді. Төлемалы мөлшері бастапқыда 200 теңге деп белгіленген еді. Менің ойымша, ол пәлендей өзгере қоймайды» деді.

Бұдан басқа, таяу арада тұрғызылатын көп функционалдық «Алтын Адам» кешені Елорда көркін аша түспек. Медицина және жеңіл атлетика орталығы да салынады. Бұл ғимараттардың құрылысына шетелдік және жеке инвесторлардың, сондай-ақ ұлттық компаниялардың қаржысын тарту жоспарланған.

Елімізде 2016 жылғы қазан айында «Үлескерлік құрылыс туралы» заң қабылданғаны белгілі. Содан бері Астанада үлескерлер

қаражатын тартуға 88 рұқсат берілді. Бүгінгі күні 5,5 мыңға жуық пәтерде *(30 нысан)* қоныс тойы тойланды. Мұндай нәтижеге тұрғын үй құрылысына үлескерлік қатысу мәселесі жөніндегі ведомстваралық комиссия шенберінде жүргізілген бірлескен іс-қимылдың арқасында көл жеткізілді.

Қала әкімінің орынбасары осы мәселеге орай өз пікірін білдірді. Ол «2015 жылдың басында 100-ден астам түйткілді нысан бар екені анықталған еді. Пәтер сатып алғанымен, оған кіре алмай жүргендер көп болды. Сол кезде ведомстваралық комиссия шенберінде бірлескен іс-қимыл жоспары әзірленді. Соның нәтижесінде

дала мен Орынбор көшелері аралығында) көлік саны тәулігіне 34 000-нан 29 000 данаға дейін азаяды.

Шағын жол-көлік айналма жолының құрылысы — үзакмерзімді жоба. Болашақта аталған жол бөліктері қала көлігін дамытуда маңызды рөл атқарары даусыз. Өйткені бұл жобалар 2023 жылға дейін көлік тығынын ушықтырмауға мүмкіндік береді.

Астанадағы тағы бір айта кетерлік жағымды жаңалық, көліктер үшін Триумфальды арка астынан салынатын туннель. Бұл Астананың бас жоспарына енгізілген. Осы аумақта жаяу жүргіншілердің серуендеуіне мүмкіндіктер жасайтын құрылыстар жүргізіледі.

«2019-2023 жылдар аралығында 121 шақырым жол, 5 жол-көлік құрылымын салу қарастырылған *(3*

62 түйткілді нысан қалды. Қалған нысандар пайдалануға берілді. Ресми түрде рәсімделіп, тұрғындар құжатын қолына алды. Бүгінгі күні осы бағытта жүргізілген жұмыстың нәтижесінде әлгі 62 нысаннан 29 түйткілді нысан қалды» деді. Оның айтуынша, бұл нысандар «Нұрлы жер» бағдарламасы шенберінде салынып бітеді. Осы мақсатта «Бөйтерек» холдингіне 40 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы түйткілді нысандар бойынша техникалық, қаржы аудитінің қорытындысы жасалып біткен соң игеріле бастайды. Сондай-ақ жоба-



сметалық құжат пысықталып, мемлекеттік сараптама жасалады. Сергей Хорошун

атап көрсеткендей, егер де бұрындары құрылысты аяқтау үшін қаржы қайтарымсыз негізде бөлінесе, бұдан былай төрт жылдың ішінде бюджетке қайтарылуы тиіс. Ол «Әр нысан бойынша қаржы үлгісі жасалады. Ол құрылыс аяқталғаннан кейін активтерді сатып, қаржыны бюджетке қайтаруға мүмкіндік береді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қазір 23 нысан ведомстваралық комиссияның ағымдағы бақылауында. Бұлар — жеке инвесторларға берілген нысандар. Ал біз оларға қолдау көрсетіп отырамыз», — деп өз ойын түйінделді.

Талап ТІЛЕГЕН

3. Мұқтаждықтарды өтеу мақсатындағы инфрақұрылымды дамыту.
4. Бюджеттік тұрғын үй және құрылысшылар мен тұрғын үй алушыларды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету.
5. Әлеуметтік нысандарды салу.
6. Астананы көгалдандыру.
7. Мемлекеттік органдар мен өрт депосын дамыту.

Кешенді жоспарды қолға алу барысында ықшам құрылыстар ескерілетін болады.

Елбасының өткен жылдары «Астана Бас жоспары» ҒЗЖИ» жауапкершілі шектеулі серіктестігінде болғаны естеріңізде ме? Сонда Нұрсұлтан Назарбаев Астананы салу және абаттандыру жұмыстары жалғастатындығын айта келе: «Қандай



көпір, 1 айналма жол, 1 бағыттауыш жол). Сонымен бірге Кенесары көшесі мен К.Күмісбековтен Ш.Бейсеков көшелерінде екі көпір салынады. Болашақта Тауелсіздік көшесінде — Панфилов көшесінен Ұлы дала даңғылына дейінгі аралықта көпір салу жоспарланған. 2020 жылы Сығанак көшесінде 3 жерасты өткелі салынады. Қазір осыған байланысты жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Астана әкімшілігімен 2019 — 2023 жылдарға арналған қаланың инженерлік-көліктік инфрақұрылымын қамтамасыз етудің кешенді жоспары жасалған.

Кешенді жоспардың негізгі мақсаты — тұрғын үй құрылысында қала құрылысы саясатын қалыптастыру, болашақ тұрғындар мен қала қонақтары үшін қолайлы жағдай жасау, бизнесті дамытуға жол ашу. Осы бағытта нақты мақсатқа жету үшін әкімшілік төмендегідей бағыттарда жұмыс істеуді қолға алады.

1. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту.
2. №1 және 2 индустриальды парк инфрақұрылымын дамыту.

кемшіліктер бар екенін, соның ішінде көліктер тұрағына қатысты мәселе туралы да білеміз, оның бәрі міндетті түрде шешіледі. Таяудағы мол жауын су сорғы көріздеріне қатысты түйткілдерін бар екенін көрсетті. Онымен де жұмыс жүргізу қажет. Сонымен қатар, балабақшалар мен мектептер салу мәселесіне де назар аудару керек. Қаланың әрі қарай даму келешегі ЭКСПО-2017 аумағы мен оның айналасындағы көшелер құрылысын, Сулы-жасыл желекті бульварды абаттандыру, жаңа саябақтар, соның ішінде 100 гектар аумақта Ботаникалық бак салу жоспарын қамтиды. Бұл жұмыстардың барлығы еліміздің тура орталығында мүлде жана мегаполистің қалыптасуына негіз қалайды, ол барша қазақстандықтардың игілігіне қызмет ететін болады», — деген еді. Содан бергі уақытта Елорда ерекше даму жолына түсті. Осының мысалы ретінде жолдарды реттеу, көпірлер салу мен жол қиылыстарының көбеюін айтуға болады. Айналып келгенде Астананың айшықты көріністерін көпке үлгі ете отырып, заманауи қаланың іргетасын берік ете түсу мақсатында игілікті жұмыстар атқарылып келеді.

ТУРИСТЕРДІ ТАМСАНДЫРҒАН ШАҒАР

Астанада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің өтуі елімізде жаңа бір бизнеске жол ашқандай болды. Жұрт жиі қызықтайтын мәдени орталықтар қатары көбеюмен қатар, шетелдерден келген қонақтар Қазақстан туралы түсініктерін кеңейтіп, Елорданың аз уақытта қаншалықты өзгергеніне куә болды. Мұны мынадай деректермен дәлелдеуге болады: еліміз тұрғындары жарты жылда шығармашылық пен өнер және демалысқа 23,8 миллиард теңге жұмсаған. Бұл алдыңғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,7% көп. Осы түсімнің 80% — концерт (42,6%) және театр (40%), ал цирк қызметінен 2% табыс түскен.

Астанада мәдени демалыс қызмет түрінің ауқымы кеңейгені бірден байқалады. Нақты деректерге қарағанда, осы салада түсім 9 млрд теңгені құрап, бұл көрсеткіш салыстырмалы кезеңде 30,8% өскен. Бұдан кейінгі орындарда Алматы мен Атырау тұр.

«**Астана – мемлекет дидары, халық мерейі. Оның біз жетпек биіктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тар-тымды болып көркейіп өсуі жолында күш-жігерді аямаймыз. Біздің жаңа астананы, жаңа Астананың бізді ұятқа қалдырмайтынына нық сенімдіміз**

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Астана іргетасын қалаған кезден бері қонағы таусылмайтын қалаға айналды. Ал ЭКСПО көрмесінен кейін түрлі шетелдерден келушілер қатары еселеп артты. Осылайша, туристік деңгейі артып, осы саланы тиімді дамытудың келешегіне жол ашылды. Шаһардың жан-жақты мәдени дамуына қазіргі заманғы инфрақұрылым да мол мүмкіндік беріп отыр.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылы 11 қыркүйекте Астана активінде өткен жиында қала мәслихат депутаттарына Елорданы өркендетуге қаржы хаб ретінде ғана емес, мүмкіндігі кеңейе бастаған туристік орталық ретінде де көңіл бөлуді ұсынды. Ал 18 қыркүйекте Астана Дүниежүзілік туризм ұйымының қалалық туризм бойынша жаһандық саммитін өткізу құқын жеңіп алды. Осы жерде атап өтерлік жағдай, форум бұған дейін туризм деңгейі жоғары дамыған Ыстамбұл, Мәскеу, Барселона, Марракеш, Люксор, Куала-Лумпур, Сеул қалаларында өткен еді. Саммиттің қазақ жерінде өтуі тәуелсіз Қазақстанда бірінші рет болғалы отыр. Қала туризмі бойынша жаһандық саммит жылына бір рет Дүниежүзілік туристік ұйымының талаптарына сай ұйымдастырылады.

Дүниежүзілік туризм ұйымы — ең беделді ұйым. Туризмді дамыту саласында 1975 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Саммитті ұйымдастыру мен өткізу шығындарын негізінен атап алатын ұйымның өзі көтереді. Келесі жылы өтетін бұл басқосу бас қаланың мүмкіндіктерін анық көрсететін болады. Айталық ЭКСПО-2017 Елорда үшін әлемге туризмнің жана есігі ашылғанын паш етті. Бұл туралы былтыр Дүниежүзілік туризм ұйымының бас хатшысы Талей Рифай «Туризм және болашақ энергия: CO2 қалдықтарын азайту» конференциясында айтқан еді.

Ахметжан Есімов, «Астана ЭКСПО — 2017» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының төрағасы: сол жиында ЭКСПО-2017 көрмесі Қазақстанды әлемге таныстыруға мүмкіндік және туризмді дамытуға жан-жақты дем беретіндігін айтқан-ды. Шын мәнінде, көрме барысында және одан кейін де «Нұр Әлем» павильоны қаланың ең маңызды қонақжай орталығына айналды. Астаналық туристердің де дені осы жерге келеді. Бұл — болашақтың музейі. Барлық заманауи жетістіктермен танысып, ғылыми зертханаға кіргендей боласыз. Сегіз қабатты ғимараттың әр қабаты өзінше бір құрылым. Бірін-бірі қайталамайтын көріністер. Осы сұлулыққа тамсанып жүргенде уақыттың қалай өткенін де білмей қаласыз. Өнерге деген құштарлығыңыз басым болса «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрына баруыңызға болады. Ол 2013 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған. Театр әлемдік классикалық сәулет өнерінің негізінде бой көтеріп, қазақ ұлттық сәулет өнерінің көріністері де қалыс қалмаған. Оның техникалық жарықтандырылуы әлемдік стандарттарға сай. Егер осы заманғы өнерді тамашалағыңыз келсе, «Астана балет» театрына барыңыз. Ол да Президенттің ұсынысымен 2012 жылы ашылған. Театрдың алғашқы қойылымы 2013 жылы шілде айында тұсауын кесті. Бүгінде осы ұжымның мыңдаған сүйікті көрермені елімізде ғана емес, шетелдерде де кездеседі. Өнер ордасының түрлі жанрдағы репертуары әлемдік озық, отандық классикамен, ерекше хореографиялық қойылымдармен толығып келеді.

Адамдарға әсері мол тағы бір мекен — «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалды кешені. Екі футбол алаңындай келетін аумаққа еліміздің картасы қойылған. Саяхатшылардың жетекшісі алып карта арқылы бір сағатқа бүкіл елімізбен таныстырады. Бұдан алар әсеріңіз, сөзсіз керемет болмақ.

Жоғарыда сөз болған бас қалада мәдени орталықтардан басқа жұртқа белгілісі биіктігі 100 метрлік «Бөйтерек» монументі. Ал Есіл өзенінің жағалауы туристерді ғана емес, жергілікті тұрғындардың да сүйікті орны. Бұл жерде ресми түрде ашылған «Арбат» жастар мен шығармашылық адамдарының ең көп жиналатын орны.

Есіл жағасындағы ең көрікті қала жыл сайын жасарып келеді. Қонақтарын қуана қарсы алып, қимай шығарып салатын теміржол бекеті мен әуежайының өзі көрген кісіні тамсандырмай қоймайды. Орталық Азиядағы әлемі бөлек, шаһардағы шуақты әр күн мәңгі жадыңызда қалады.

Бетті дайындаған Бейсен НАРЫНБЕК

www.jasqazaq.kz

E-mail:

jas_qazaq@mail.ru



5

Биыл Астана өкімшілігінің «Шет аймақсыз қала» жобасы аясындағы жұмысты жалғастыру, шаһар инфрақұрылымын дамыту, шағын бизнестің өркендеуіне қолайлы жағдай жасау, қала тұрғындарының өртүрлі әлеуметтік мәселелерін жедел шешу мақсатында жаңа аудан құрылған еді. Төртінші ауданның атауы – «Байқоңыр». Құрылғанына 9 айдан асқан ауданда осы уақыт аралығында қандай жұмыстар атқарылды? Алда қандай шаруалар күтіп тұр? Осы төңіректе Байқоңыр ауданының өкімі Ерлан Каналимовпен әңгімелестік.

Jas qazaq: Ерлан Еркемұлы, әңгімемізді Байқоңыр ауданының аумағы төңірегінде бастасак...

Ерлан Каналимов: Аудан шекарасы теміржолдан Астана-Костанай бағытына карай, казіргі шекарадан солтүстікке Акбұлак өзенін, осы өзенді бойлай Рақымжан Қошкарбаев даңғылын, осы даңғылдың екі қапталынан Сауда көшесін әрі карай жобалық атауы №84 көшені, Есіл мен Акбұлак өзендері қосылатын тұсты камтиды. Одан әрі Есіл өзенінен бастап «Қараөткел» көпірін, Бараев көшесі мен Республика даңғылын, аталмыш даңғылдың екі қапталынан тартқанда Бөгенбай батыр даңғылын, осы даңғылды бойлай Алаш тасжолын қоса алғанда, теміржолды және қаланың батыс шекарасын аумағын. Аудан шекарасына көлемі 460 гектар қалалық қорым да кіреді. Ауданның жалпы аумағы – 18129 гектар. Байқоңыр ауданы 4 ауданның ішінде көлемі жағынан Есіл ауданынан кейінгі екінші орынды алады. Ендігі тірлік аумақты қала тіршілігіне сай көрсетуі, әлеуметтік-тұрмыстық нысандар салу, бар дүниенің тамырына қан жүгірту болмақ.

Jas qazaq: Аудан көлемінде шамамен қанша тұрғын үй бар? Халық саны қанша?

Ерлан Каналимов: Аудан еншісінде 452 көпқабатты тұрғын үй мен 4398 жекеменшік үй бар. Тұрғындар саны – 215 850-ге жуық. Оның 18 мыңнан астамы – зейнеткер, 3800-і – мүмкіндігі шектеулі жандар, 1301-і – көпбалалы

Jas qazaq: Жалпы, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайы қалай? Жұмыссыздықпен күрес шаралары қаншалықты жүргізіліп жатыр?

Ерлан Каналимов: Елордала төртінші аудан пайда болған соң, жаңадан аудандық бөлімі, сот, халыққа қызмет көрсету орталығы,



ЖҰМЫС КӨП, ЖОСПАР ЖЕТЕРЛІК

мемлекеттік кіріс басқармасы, төтенше жағдай департаменті, ішкі істер басқармасы сияқты бірқатар мемлекеттік органдар құрылып, біршама жаңа жұмыс орны ашылды.

Сонымен қатар аудан аумағында тұрғындарға 6 емхана мен 3 отбасылық амбулатория қызмет көрсетеді. 56 білім беру мекемесі жұмыс істейді. Оның 18-і мектеп болса, 28-і – балабақша, 2-і – жоғары оқу орны, 8 колледж. Сондай-ақ 2 ірі мәдениет нысаны – «Жастар» сарайы мен Ұлттық әскери-

патриоттық мұражай бар. Бұдан бөлек, 6 кітапхана филиалы, 8 – аула клубы, 16 – діни нысан мен 1 – бейімделу орталығы, 1 – балалар үйі, 4 – әскери бөлім және 3 түзеу мекемесі де аудан еншісінде. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аудан тұрғындары үшін бос жұмыс орындар жәрменкесі 3 рет ұйымдастырдық.

Jas qazaq: Аудан құрылғалы бері қандай жұмыс атқарылды?

Ерлан Каналимов: Аудан аумағында 234 аула болса, оның 110-ы әлі де жөндеуді қажет етеді. Ал 53 аулаға абаттандыру жұмысы

жүргізілді. Балалар ойын аландарында 175 шағын сәулет нысаны мен 96 спорт құрылғысы орнатылып, 9 жаңа аула салынды. 12 спорт алаңы жөнделіп, 2,5 мың шаршы метр балалар ойын алаңына жасанды газон төселді. Тоғыз мекенжай бойынша жаңа футбол алаңы орнатылып, тағы 9 мекенжайдың аладоп алаңына жөндеу жұмысы жүргізілді.

Көгалдандыру жұмысы да қарқынды жүргізілуде. Биыл ауданның жасыл желек аумағы 2179 ағаш пен 1000 бұтаға көбейді. Көктемгі науқанда 15762 шаршы метр гүлзар жасалып, 1181 ағаш, ал күзгі науқанда 998 ағаш пен 1000 бұта отырғызылды.

Сонымен қатар ауданда жаңа аллея пайда болды. Олар – «Депутаттар аллеясы», «Шие аллеясы» және Elorda Maqtanyshy аллеясы. Сондай-ақ аудандағы іске асырылып жатқан үлкен жобалардың бірі – «Өндіріс» тұрғын алабында жарықтандыру жұмысының жүргізілуі. Оның 35 көшесінде 218-ден аса шам орнатылған. Абай даңғылының бойындағы 300-ден аса шам ауыстырылды. Малайзия елінің сыйлығы ретінде Астананың 20 жылдығына

Кравцов көшесінің бойына 100 дана үнемді шам қойылды. Жалпы, Байқоңыр ауданы өкімдігі 104 нысанның сәулет-сәндік жарықтандыруын қамтамасыз етіп отыр. Биыл 4 білім беру мекемесінің жарықтандырылуы ретке келтірілді. Қазіргі уақытта «Қыпшақ» пен «Жар-жар» тұрғын үй кешеніне сәндік жарықтандыру жұмысы жүргізілуде.

Jas qazaq: Жол жөндеу жұмыстары қалай болып жатыр?

Ерлан Каналимов: Келер жылы елімізде халық санағының өтетіні белгілі. Бұл тұрғыда кейбір көшелердің өзгеруіне байланысты аудан көшелерінің белгі тактайшаларын орнату, ауыстыру жұмысы қарқынды жүргізілуде. Бүгінге дейін QR коды бар 697 тактайша ауыстырылды. Жыл соңына дейін тағы 900, ал келер жылы 7 000 тактайша ауыстыру жоспарда тұр. Сол сияқты жаяу жүргіншілер жолын салу жұмысына да ерекше көңіл бөлінуде. Аудандағы жаяу жүргіншілер жолының сапасын бақылау тұрақты түрде ұйымдастырылады. Тұрғындардың жүріп-тұруына ыңғайлы болуы үшін Жұбанов, Иванов, Тайбырул, Дулати көшелеріне тротуар салынды. Сондай-ақ Республика даңғылындағы 1714 метр жаяу жүргінші жолына тас төселді. Ауданның орталық бөлігінде орналасқан 21 көшенің 10,77 шақырымына орташа жөндеу жүргізілсе, 39 көшенің 22 шақырымына резервті материал жұмсалды. «Өндіріс» тұрғын алабындағы Жазық, Жетісай, Малахов, Бестөбе, Акжелкен, Чехов, Кеменгерұлы, Шолохов, Хачатурян, Мұраделі, Өндіріс көшелерінде, «Кирпичный» секторының Вишневская, Седуақасова, Вячеславская, Шет, Камысты, Айнатас, Ойыл көшелеріне жолға киыршық тас төселді. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының

ұйымдастырылады. Музыкалық үйірме ашу да жоспарда бар. Уақыт өткізу орталығының қажеттілігі мен маңыздылығын түсіне отырып, аға буынға арналған осындай орынның ашылуы алдағы уақытта да қарастырылады.



Jas qazaq: Алдағы уақытта аудан көлемінде атқарылуға тиіс тағы қандай жоба-жоспарыңыз бар?

Ерлан Каналимов: Алға қойған жоспар көп. Қаражаттың бөлінуіне байланысты 2019 жылы шамамен Республика даңғылы, Бараев көшесі, Ғабдуллин көшесі және «Жастар» шағын ауданындағы 95 ауланы абаттандырып, жөндеуден өткізсек деп отырмыз. Биыл жыл соңына дейін «Өндіріс» тұрғын алабының тағы 27 көшесін жарықтандырып, 200 жарық беру құралын орнату жоспарда бар. Оның ішіне «Кирпичный» тұрғын алабының 15 көшесі кіреді. Сонымен қатар 45 мекенжайға жарық орнатылып, 45 көпқабатты тұрғын үй ауласының жарық беру құралы ауыстырылмақ. Сол сияқты келер жылы Кравцов көшесінің бойындағы 580 шам ауыстырылады. 452 көпқабатты тұрғын үйдің 242 ауласын жарықтандыру, 12 көшеге жарық тартып, Кенесары, Бараев көшелері мен



Дереккөзі: Астана өкімдігі

отбасы, ал 1553-і – әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар.

қосылса, ата-аналар мен оқушылар үшін оның мобильдік қосымшасы қолжетімді. Сондай-ақ 85 мектепте бірыңғай ашық бухгалтерия енгізілген. 2017-2018 оқу жылының қорытындысы бойынша қаржылық шығынды онтайландыру нәтижесінде 300 миллион тенгеге дейін үнемделген. Жылдың соңына дейін бұл жүйені қалалық колледжге, қосымша және арнайы білім беру мекемелеріне де орнату жоспарлануда. 2019 жылдың I тоқсанында бұл жүйе балабақшаларға да енгізілмек.

Жалпы, 85 мектеп 100 пайыз робототехника кабинеттерімен жабдықталып, 361

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Астананың білім саласы сандық жүйеге көшуде. Білім басқармасының мәліметінше, бүгінде елордалық білім беру жүйесінде балабақшаға кезекке тұру және жолдамға алу, жалпы орта білім беру мекемелерінің бірінші сыныптарына, мемлекеттік және жекеменшік колледжге құжат қабылдау қызметі толығымен автоматтандырылған. Барлық қызмет e.astana.kz порталында электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүргізіледі.

Қазіргі таңда 56 мыңға жуық өтініш қарастырылыпты. Оның 33 мыңы – балабақша, 17 мыңы мектеп бойынша, колледжге қатысты өтініш

ЦИФРЛАНДЫРУ ҚАРҚЫНДЫ



саны 6 мыңды құрайды. Жалпы, электрондық жүйеге 326 балабақша мен 79 мектеп және 35 колледж қосылған. Сонымен қатар қаладағы 85 мемлекеттік мектеп кен жолақты интернет желісімен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Орташа жылдамдығы – 15Мбит/с.

2018-2019 оқу жылында мемлекеттік жалпы орта білім беру ұйымдары қағазсыз ақпаратпен алмасуды енгізу аясында электронды журналдар ақпараттық жүйесіне 100 пайыз

мультимедиялық құралдар кешені сатып алыныпты. Бастауыш сыныптарда «Бағдарламалау негіздері» курсы өткізіледі. 12 мектеп пен балалар үйінде және арнайы мектеп-интернатында STEM зертханасы іске қосылған.

Сондай-ақ ұстаздар үшін электронды портфолио жүйесі қызмет көрсетуде. Оған бүгінде 15 796 педагог тіркелеген (қала бойынша 16 125 мұғалім бар). Жүйе мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарынан өту үдерісін қадағалап, аттестациядан өтетін

үміткерлердің құжатын сараптауды қамтамасыз етуге арналған.

Білім беру ұйымдарының құрылысын тиімді жоспарлау үшін «Big Data» технологиясын қолдана отырып, Астананың интерактивті картасы жұмыс жасауда. Жоба аясында аудан мен учаске цифрландырылған. Қалалық мектептерде асханалда қолма-қол ақшасыз төлем түріне көшу жүйесі бойынша қанат қакты жоба да жүзеге асырылуда.



Дереккөзі: Астана өкімдігі

Республика даңғылындағы шам мен бағананы ауыстыру алдағы уақыттың еншісінде. Келер жылы қосымша 3 нысанды сәулеттік-сәндік жағынан жарықтандыруды жоспарлап отырмыз. 7000-нан астам ағаш, 200-ге жуық бұта, 12 000 м2 гүл отырғызу жоспарланған. 2019 жылы Байқоңыр ауданының орталық бөлігіндегі 5 көшеде, «Өндіріс» тұрғын алабының 14 көшесінде, «Кирпичный» және «Казгородок» секторының 7 көшесінде жолды орташа жөндеуден өткізу жоспарланған. Дегенмен, бұл жоспардың жүзеге асуы, бөлінген қаражатқа байланысты екенін ескерген жөн.

– **Өңіміңізге рахмет!**

Бетті дайындаған Нұрләулет КӘКІШТЕГІ, Астана

Құрылыс саласында сапасы жоғары, химиялық қоспасыз, экологиялық жағынан таза қызыл кірпішке зәрулік басым. Жаңа технологиямен дайындалып жатқан басқа материалдарға қарағанда, қызыл жалынға күйдірілген кедімгі қызыл кірпіштің құрылысқа да, адам денсаулығына да пайдасы мол. Алып құрылыс алаңына айналған бас қаламыз Астанаға мұндай кірпіш бұған дейін Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты алыс-жақын елдерден тасымалданыпты. Мамандардың айтуынша, қызыл кірпіш қыста жылы, жазда салқын. Су мен желге төзімді. Енді Астана қаласы сапалы кірпішке деген зәруліктен құтылады.

қаласы мен Ақмола облысының құрылыс компаниялары отандық өнімді пайдаланатын болды. Нақтырақ айтқанда, сары топырақтан күйдіріліп дайындалған қызыл кірпіш бұдан былай Астана тұрғындары мен облыс тұрғындарының қажетіне жарайды.

«Astana Ceramic» ЖШС директоры Сәбит Жәміштің айтуынша, отандық өндірісті қолға алғандар өз өнімін алысқа емес, тек осы өңірге ғана шығаруды жоспарлаған. Кірпішті тұтынушылар радиусы 600 шақырым қашықтықтағы елді мекендер мен қала, аудан тұрғындары.

Jas qazaq газетіне сұхбат берген кәсіпорын басшысы «Зауыттың құрылыс жұмысына 4 жыл уақыт кетті. «Даму» қоры үлкен қолдау көрсетті. «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 1 миллиард тенге несие алғанбыз. Оның үстіне, жекелеген инвесторлар да қол ұшын созды. Енді жылына 30

Қазір аталмыш зауытта 70 адам жұмыс істейді. Олардың дені – Қосшы, Қабанбай батыр ауылдарының тұрғындары. Оларға барлық жағдай жасалған. Орташа жалақысы – 140 мың теңгеден айналып отыр. Алыс аймақтан келген жұмысшылар үшін жатақхана салынған. Зауыт заманауи технологиямен, яғни Испания мен Украина техникасымен жабдықталған. Сондықтан артық қалдық қалмайды. Мысалы, кірпіштің кесілген артық бөліктері үгітіліп, қайтадан кірпіш құйылады. Шығын аз.

Мамандар құмды үгіту, кірпіштің алуан түрлі формасын жасау, кептіру және пісіру цехтарынан тұратын зауытта болашақта тұрғын үй сыртын қаптайтын кірпіштер де жасап шығармақшы. Дәл қазір қызыл кірпіштің 4 түрі шығарылуда. Болашақта құрылысқа қажетті 11 түрлі кірпіш түрі шығарылады. Еуропалық талапқа сай өнім шығаратын зауыт VI Group сияқты еліміздегі белгілі құрылыс компанияларымен келісіп, жұмыс істеуде.

Құрамына Сарадыр, Нұра, Қызылжар ауылдары қарайтын, 15 мың тұрғыны

Тоғыз қабатты паркінгті көріп пе едіңіз? Енді көресіз! Бұрындары шетелден көріп, тамсана таңдай қағатын таңғажайып нысан Астананың сол жағалауындағы «Москва» бизнес орталығының жанынан бой көтермекші. Бұл туралы тілшілерге сұхбат берген «Астана» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Канкин хабарлады.

КЕПТЕЛІС АЗАЯДЫ



Жобалық-сметалық құжаты әзірленіп жатқан көп қабатты автотұрақта нақты қанша орын болатыны әзірге белгісіз. Ал бізге белгілісі жаңадан жобаланып жатқан көлік тұрағының жалпы аумағы 21,2 мың шаршы метрді құрайды. Жоспар бойынша паркінг құрылысы биыл басталып, шамамен 2-3 жылдың көлемінде пайдалануға берілуі керек. Демек, бұл тендессіз құрылыс нысан болғалы тұр.

Жас қазақ газетінің тілшілеріне берген сұхбатында Бауыржан Канкин былай деді. Ол «Елорданың сол жағалауында көп қабатты паркінг салуға арналған «Астана» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына қарасты 3 жер телімі бар. Соның бірі – «Москва» бизнес орталығының жанында, қалған екеуі «Сұлы жасыл желек жолы» әкімшілік-тұрғын кешені мен инвестиция және даму министрлігі ғимараттарының маңында. Көп қабатты қоғамдық паркінг – заманауи қала көрінісі, жана Астананың бет бейнесі. Бұл – қаладағы алғашқы қоғамдық паркінг болады. Оның үстіне, «Москва» бизнес орталығының айналасындағы аумақ – көлік тұрағын қажет ететін орын. Оның бәрі зерттелген. Сондықтан, жана нысан Астананың осы бөлігіндегі көлік нөпірінің азаюына септігін тигізетіні анық. Егер жаңа жоба қолға алынып, құрылыс жұмысы аяқталып жатса, қала тұрғындары көлігін көше бойына бей-берекет қоймайды» - дейді. Онысы рас, мұндай тоғыз қабатты паркінг салынса, көшедегі кептелістің алдын алуға қабар еді. Көше бойындағы автотұрақтардағы қарбаластық та саябырлайтын еді.

Басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан мырзаның айтуынша, құрылыс қомақты алғашқы нысанды салып бітірген соң, қалған екі жер телімінде де көп қабатты паркінг салуға құлықты инвестор табылуы мүмкін. «Сұлы жасыл желек жолы» әкімшілік-тұрғын кешені мен инвестиция және даму министрлігі ғимараттарының маңындағы жер телімдеріне тағы екі көп қабатты автотұрақ бой көтерсе, Елордадағы көлік тәртібі реттеліп, шаһардың тынысы ашылып, қала ажарлана түсер еді.

Астана кәсіпкерліктің де, кәсіпорындардың да бағын жандырып, тасын өрге домалатып келеді. Елордалық кәсіпорындар есебінен салық төлемдерінен бюджетке 21,5 млрд теңге түсуі осы сөзімізге дәлел. Бұл көрсеткіш келешекте өселене түсетіні даусыз. Өйткені шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет зор қолдау көрсетіп келеді. Осыған орай жасалған мемлекеттік бағдарламалар да жемісті жүзеге асып, нақты нәтиже беруде. Мысалы, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы еліміз экономикасын дамытуға ерекше үлес қосумен бірге, тұрғындарды жұмыспен қамтуға кең жол ашып берді.

Бағдарлама Елбасының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мен Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген еді. Бағдарлама Президенттің «Қазақстан – 2030» стратегиясы» және «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында атап көрсетілген мақсаттарына да қол жеткізуге бағытталған.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы төрт бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Астана қалалық инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметіне қарағанда, жыл басынан бері шағын және орта кәсіпкерліктің қатарын 9231 адам толықтырған. Нақты дерекке жүгінсек, Елордада 157 481 кәсіпкер тіркелсе, оның 62689-ы заңды тұлға, 94587-сі – жеке кәсіпкер. Ал шаруа қожалықтары саны – 205. Бұлардың көпшілігі түрлі мемлекеттік бағдарлама бойынша субсидия алып келеді. Мәселен, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша биыл 120 жобаны жүзеге асыру үшін қала қазынасынан 31 млрд 24 млн 400 мың теңге қаржы бөлінген. Бағдарлама іске асырыла бастағалы бері 1 трлн 760 млрд 21 млн 300 мың теңгенің 1016 жобасы қолға алыныпты. Бұрынғы 9 мың жұмыс орны сақталып, 5300 жаңа жұмыс орнының ашылуына осы секілді тын бастамалар себепші болған.

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Бекмұрзаев: «Мемлекеттік бағдарламалар кәсіпкерлікті дамытуға серпін беріп келеді. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы өз алдына, Елорда жұртшылығы «Астана бизнес», «Astana – ZhasStarT», «Startur», «Astana Retail», «Астана сервис» сияқты жергілікті бағдарламаларды да назарға ұсынып, қолынан іс келетін азаматтардың ел дамуына үлес қосып, өз тұрмыстарын жақсартуға да мүмкіндік беруде. Айтаалық, кәсібін енді бастап жатқандарға арналған «Startur» бағдарламасы бойынша 7 жобаның құны - 316 миллион теңге, «Астана сервис» бағдарламасы арқылы

441 миллион теңгенің 6 жобасы жүзеге асырылады», – дейді.

Данияр Монтаев Астана қалалық кәсіпкерлер палатасы қаржылай емес қолдау көрсету бөлімін басқарады. Оның айтуынша, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының шарапаты мол. Бағдарламаның төртінші, қаржылық емес қолдау көрсету бағыты бойынша кәсіпкерлер бухгалтерлік, заң, келендік, маркетингтік қызмет, бизнес жоспар құру сияқты 8 қызметті тегін пайдаланады.

Данияр Монтаев: «Консалтингтік компанияларда мұндай қызмет түрлері – ақылы. Мысалы, салық кодексі бойынша есеп беру жөнінде бір рет кеңес алу – 2-3 мың теңге. Жыл басынан қыркүйектің соңына дейінгі аралықта

теңгеге дейін 6 пайыздық үстемеақымен несие немесе грант ұтып алуға болады. Осы бойынша банктен несие рәсімдегенде «Даму» қоры алатын соманың 85 пайызына кепілдік береді. Кәсіпкерлер палатасында бір жылда 800 адамды екі күндік курстан өткізу жоспарланған еді. Бірақ жоспар екі есеге артық орындалды. Яғни жыл басынан бері қыркүйектің соңына дейін курстан өткендер саны 1440-тан асты», – дейді.

«Бизнестің өсуі» – 5 күндік бағдарлама. Ол кәсіпкерге табысын ұлғайтуға көмектеседі. «Бизнес жоспар» – екі айлық курс. Бір затыңызды екі еселеп алуға дағдыландырады. Одан бөлек, «Іскерлік байланыс» бағдарламасы бар. Кәсіпкерлер шетелге шығып, басқа елдердегі бизнесмендердің кәсіпорындарын аралап, олардың

апта тәжірибелерімен бөлісетін жоғары білікті сарапшылар кәсіпорын жұмысын одан әрі жандандыруға бар күші мен тәжірибесін салады. Осы бағдарлама бойынша сарапшы шақыртқан елордалық компаниялардың бірі – Harro cake кәсіпорны. Торт пісіріп сатудымен айналысады. Шаһарда 3-4 бөлімшесі жұмыс істейді. Жыл басында компаниядан шетелдік сарапшы шақыртуға кәсіпкерлер палатасына өтініш түскен. Осыған байланысты Түркиядан арнайы келген кондитер маман санитарлық қауіпсіздікті сақтау, жаңа торт түрлерін жасау бойынша біршама бағыт-бағдар беріпті. Мемлекеттік бағдарламаға Harro cake ұжымы дән риза. Өйткені бизнестері жандандыруға сарапшының септігі типті.

Енді Елордадағы ірімшік пісіретін өндіріс орындарының біріне италиялық сарапшы келмекші. Нәтижесінде өндіріс орны ірімшіктің жаңа сұрыптарын шығаруды қолға алады.

Елбасы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты

ЖОЛ КАРТАСЫ – ЖОЛ СІЛТЕЙДІ



3478 кәсіпкерге 4213 тегін қызмет көрсетілді. Бір кәсіпкердің бухгалтерлік немесе келісімшартты әзірлеу, оны талдау сияқты бірнеше қызмет түрін пайдалануға мүмкіндігі бар», – дейді.

Бөлім басшысының дерегінше, төртінші бағыттың өзі тармақ-тармаққа бөлінеді. Онда «Бизнес мектеп», «Бизнестің өсуі», «Бизнес кеңесші», «Жобалық оқыту» сияқты бірқатар шағын бағдарламалар қарастырылған.

Д.Монтаев: «Егер сіз кәсібіңізді бастағалы жүрсеңіз, «Бизнес мектеп» бойынша екі күндік курстан өтуге болады. Топтық курстарда бизнес-тренажерлер, кәсіби тәлімгерлер сабақ береді. Олар кәсіп бастау үшін қайда барып, не істеп, қалай табыс табу керектігін, қолданыстағы бизнесті әрі қарай қалай жетілдіруге болатынын түсіндіреді. Оқудан соң алған сертификатпен «Енбек» бағдарламасы арқылы 3 миллионнан 19 миллион

жұмысымен танысуға, тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін осы бағдарлама. Биыл еліміз бойынша 500-ге жуық кәсіпкер осы оқытудан өтсе, оның ішінде 94 астаналық тұрғын бар. Курс Қазақстан – Британ университеті тәлімгерлерімен бір ай көлемінде өткізіледі. Содан соң дәріс тыңдаушылар бизнес жоспарын жазып, тәжірибе жинақтауға шетелге барады. Сондағы кәсіпорындармен келісімшартқа отырып, қажетті құрал-жабдық сатып алуға мүмкіндігі бар. Бағдарлама аясында шетелге барып-қайту шығыны мен көрсетілетін қызмет түрінің барлығы тегін. Шығынды мемлекет өз мойнына алады.

Сондай-ақ төртінші бағытта «Аға сеньор» бағдарламасы барын да айта кеткеніміз орынды болар. Бағдарламада еліміздегі кәсіпорындарға шетелдік сарапшылар шақырылады. Астанаға биылдың өзінде шетелдік 4 сарапшы келген. Екі

биылғы Жолдауында: «Біз 2010 жылдың өзінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске қостық. Өңірлерге жұмыс сапарым барысында мұның тиімділігіне көз жеткіздім. Бағдарламаның қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөлуді қарастыру қажет. Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді» деген болатын. Сарапшылар мемлекеттік бағдарлама сәтті жүзеге асса, орта және шағын кәсіпкерліктің қазіргіден де қарыштап алға басатынын айтады.

Бетті дайындаған Нұрдаулет КӨКШТЕГІ

Ерлікке тағзым

Оқымысты ғалымдар «қазақ» сөзінің Қазақ хандығынан бұрын да болғанын дәлелдеді. Ал қазақтың XV ғасырда дербес мемлекет болуынан бергі уақытта қанша рет өліп-тірілгенін санау мүмкін емес. Тарихшы Дулатидың жазуына сүйенсек, XVI ғасырдың бас кезінде Қазақ хандығы ірі жеңіліске ұшырап, халқы қатты қырылыпты. Сонда «тірі қазақ қалмады» деген сөз тарапты. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадағы» қырғын да жойқындығымен ерекшеленді. Сібір тарихшылары: «Қазақ жер бетінен жойылды», – деп жазыпты. Одан соң да қазақтың сан рет қуғын-сүргін көріп, мал-жанынан ойсырай айырылғаны тарихтан белгілі. Кеңестік кезеңдегі өліп-тірілуіміздің сыпаты да бітпейтін жыр. Қазақ тарихында қасиетті жеріне көз алартқандармен қисапсыз шайқас өткен. Тарихшылар мемлекеттігімізді, ұлтымыздың тұтастығын сақтап қалу жолында 360-тан астам соғыс болғанын растайды. Ең соңғысы – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.

Желтоқсан – әлі күнге дейін саяси бағасын ала алмаған, ақтаңдағы жетерлік оқиға. Қазақ жастарының бейбіт шеруден басталған көтерілісі кеңес одағының ыдырауына себепші болды. Осындай әлемдік мәні бар тарихи оқиғаны зерттеуге 30 жылын арнаған публицист-жазушы Талғат Айтбайұлы күні кеше «Алматы 1986 Желтоқсан» айғақ-кітаптарының 12-томын шығарды.

Бүгін сиясы кеппеген кітаптан тың материалдар ұсынып отырмыз.

ҮРЕЙЛІ КҮНДЕР

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде бесінші курста оқи жүріп, Қазақ теледидарының жастар редакциясында жұмыс істейтінмін. Курстастармен бірге екі күн бойы алаңға шықтық. Кеудеміз жігер мен намысқа толы еді. Үйде екі жасар Дәуренім бар. Кешкісін алаңда жолдасым Елубайды көрдім. Партия мүшесі болатын. Ол қолына қызыл шүберек танып, бір топ әріптесімен бірге Сәтбаев пен Желтоқсан көшелерінің қиылысындағы аялдаманың қасында тұр екен. Мені көріп: «Қазір сендерге күш қолданады. Зауыттан мына арнайы темір арматураларды кесіп, газетпен орап, кендір жіппен байлап әкеп үйіп қойды. Өзің көріп тұрсын. Біздер мұны қолданудан бас тарттық. Қиындыққа ұшырамай тұрғанда үйге қайтшы», — деді жалынып. «Бізге не үшін күш қолданады? Мүмкін емес. Біз ешнәрсе бүлдірген жоқпыз», — дедім.

17 желтоқсанның кешіне дейін ешбір заңбузушылық байқалмады. «Күш қолданады» деген сөзге мүлдем сене алмадым. Қайтадан алаңның трибуна тұсында тұрған достарымның қасына барып қосылып кеттім.

Көп ұзамай бізге өрт сөндіргіш машиналардан суық су шашылды, темір қалқан киген қарулы әскерилер итпен қуалады. Аяғымызда биік өкшелі етік, лекпен алға ұмтылды. Құласаң, қайта тұру мүмкін емес еді. Тапталып, жаншылып қаласың. Сүрініп, қабынып жүріп, бір-бірімізден көз жазып қалмауға тырыстық. Ертесіне тағы да алаңда кездесуге уағдаластық.

Келесі күні алаңға бармақ оймен Байзақов көшесінен шығып, Абай көшесімен көтеріліп келе жатсам, қаптаған милиция қызметкері ұстағандарын автобуска, милиция машинасына мінгізіп жатыр екен. Жүгіріп, қашып келе жатқан бір жігіт: «Қарындас, ауруханаға қарай қаш. Қазір ұсталасың», — деді.

Жүгіріп отырып Жандосов көшесі мен Чапаев (қазіргі Манас көшесі) көшесіне шығып, университетке жаяу жеттім. Сол күні алаңда інім Ниязбек Баутаев ұсталып қалыпты. Ниязбектің әскерден жана келген сәті болатын. Милициядан інімді сол кездегі Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің депутаты қайын әпкем, марқұм Бейсенқұл Даниярова әрең шығарып алды.

Содан бастап қудалау, тексеру, тергеу басталды. Пәтер ауыстырып қашсақ та, арнайы шақырылған «үш әріп» өкілдері тауып алып, сағаттап сұрақтың астына алатын. Ауылдағы әке-шешемізге де тексеру жетті. «Балаларың алаңға шыққан» деп, оларды да әуре-сарсаңға салды. Ол аз болғандай, университеттің бесінші жатақханасындағы тергеуге де үнемі шақырылып отырдым. Ағайынды — ағайынға, бауырды — бауырға, досты — досқа айдап салу, шағыстыру, жала жабу әрекеттері ашықтан-ашық «үш әріп» тарапынан жүзеге асырылды.

Қантар айының басында ауылдан жекжат апам біздің үйге қонаққа келді. Інім екеуміздің Желтоқсанға қатысқанымызды естіген екен. «Сендердің тірі қалғандарына шүкір. Сұмдық оқиғалар болып жатыр. Балықшы жакта бір қыздың мәйітін әскерилер қорғасын табытқа салып алып келіпті. Табытты ашқызбай, арулауға рұқсат бермей, табытпен жерлеткізді», — деді апамыз қамығып.

Жұмбақ жағдайда көз жұмған жастардың қайғылы мысалдарының аз емес екендігіне көзіміз жетті. Сол жылдан бастап жиырма бес жыл Қазақ теледидарында қызмет еттім. Тура алаң. Желтоқсан оқиғасы. Алаңға қараған сайын бойымды үрей билейді. Күні бүгінге дейін аланның манынан көбірек адам көрсем, қалшылдап қорқамын. Алаңнан өткенде әлі күнге дейін тізем дірілдейді. Бұл үрей қашан сейілер екен?!

Дүррия ДАНИЯРОВА,
техника ғылымдарының
кандидаты, профессор

БАЛА БОЛСАҚ ТА
БӘРІН БІЛДІК

Мен 1969 жылы 24 қарашада дүниеге келгенмін. 7-сыныпка дейін Алматы қаласындағы №12 мектеп-интернатта оқыдым. Әкем Елгезек Әзберенов — жазушы әрі журналист, ғалым болған. Әкем ерте дүние салған соң, анамызбен Семей облысының Ұржар ауданына көштік. Ағайынды бір ұл, бір қызбыз. Бауырым — Ақберен Елгезек қазір танымал акын, қазір Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары.

8-сыныпты Ұржар ауданындағы Абай мектебінде оқыдым. 8-сыныпты бітірген соң, 1985 жылы Талдықорған қаласындағы СПТУ-5 училищесіне кондитер мамандығына оқуға түсіп, жатақханаға орналастым. 2-курста оқып жүргенімде, яғни 1986 жылы 16 желтоқсан күні кешке қарай Д.А.Қонаевты орнынан алғанын жатақханадағылардан естідік. Ол кісінің орнына өзге ұлттың өкілін әкеліп қойғаны үшін бәрі наразы болып, шулап жатты. Жатақханада вахтасы Ғалия апайымыз «Жастар, алаңға шығайық» деді. Сол кезде менде өзгеше патриотизм пайда болды, «шықсақ, шығайық» деп қостай жөнелдім. Сөйтіп, түнгі сағат оннан кейін жатақханамыздағы жастармен бірге наразылық шеруіне шықтық. Жолда кетіп бара жатып, құрылыс техникумының, мелучилищенің және пединституттың студенттерін өзімізбен бірге алаңға баруға шақырдық. Олардың ешқайсысы қарсы келмей, бізбен бірге алаңға шықты. Түнгі сағат бір шамасында милиционерлер, солдаттар, тағы басқа да көптеген адам бізді қоршауға алып, қоқан-лоқы көрсетті. Бізді таякпен ұрып кейін шегіндірді, қамауға алды. Содан кейін үш күн қатарынан жиналыс ашумен болды. Ол кезде 17 жаста едім. Сол жиналыста өжеттік танытып,

сол адамдарға қарсы шығып сөйлегенім үшін, мені шапалақпен бір ұрды да, қамап тастады. Тергеу қапасында бір апта қоқан-лоқы көрсетті, балалар колониясына жібереміз деп қорқытты. Бір апта қара су мен қара нан ғана беріп тұрды.

Тергеу қапасынан келгеннен кейін училищеде қайтадан жиналыс болды. Мені комсомолдан шығарды. Ғалия апайды, бір қызды, мүгедек болғанына қарамай, 8 жылға түрмеге отырғызды. Жатақхана старостасы Сламжан 12 жылға сотталды. Мені оқудан шығарайын деп еді, бірақ класс жетекшісі Нина Николаевна ара түсіп, училишеден шығармауға ерекше үлес қосты. Өйткені сабақты жақсы оқитын едім. Ол кісіге алғысым шексіз. Көптеген қыз-жігіттер оқудан шығарылды. Ал мен оқуды аяқтап, қолыма диплом алдым. Естуімше, старостамыз Сламжан аға түрмеден оралмапты. Ал Ғалия апай түрмеден 5 жылдан соң шығыпты.

Сол кезде алаңға шыққан жастар және ағаларымыз бен апайларымыздың қайсар мінезінің арқасында ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікті жақындата түстік деп есептеймін.

Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңы бойынша Талдықорған қаласындағы архивтен алынған құжаттың негізінде мені Алматы қаласының прокуратурасы 2013 жылы 8 қаңтарда «саяси қуғын-сүргін құрбаны» деп танып, ақтады.

Маржан ЕЛГЕЗЕК

ЖАДЫМЫЗДАСЫҢ,
ЖЕЛТОҚСАН!

әкетті. «Үстінде керемет пальто, аяғында қымбат етік, саған не керек?» — деп әкетіп бара жатып, ызалана төмештеді. Бізді дәл бір орыс халқына қарсы шығып жатқандай көрді. Солдаттарды қалай үйретіп жібергендерін білмеймін, алаңға шыққан ұл болсын, қыз болсын, амады. Машинаға әкеліп, ішінде жалғыз адам отыратын орын бар екен, соған кіргізіп, кілттеп тастады. Соқыдан есеніргенім сонша, басымды темірге сүйеп отыра бердім. Машинаға тағы да қыз-жігіттерді тиеді. Толған кезде машина қозғалды. Бір жерге келгенде тоқтады. Бәрімізді түсіре бастады. Мен есікті тарсылдатып қактым. Содан кейін есікті ашып, мені бірге қосып жіберді. Қай аудандық ішкі істер бөлімі екенін білмеймін, әйтеуір бәрімізді камераға қамады. Қыз-жігіттердің бастары жарылған, беттерінен кан ағып жатты. Жігіттер көйлектерін жырытып, олардың жарасын танып берді. Менің оң қолым тіземнен төмен салбырап кеткен. Басымды қабырғаға сүйеп тас еденде отырдым. Бір қазақ милиционер келіп, бізді үгіттеуге көшті. «Бұл — саясат. Сендер үкіметке қарсы шығып отырсыңдар. Ата-аналарың алыста. Не істеп жатқандарыңды білмейді. Босқа сотталып кетесіңдер. Қазір сендерді бір-бірлеп шақырып, түсініктеме жаздыртады. Сонда алаңда забастовка болып жатыр дегенді естіп, Қазақстанда ондай болуы мүмкін емес, оны өз көзімізбен көрейік деп, келдік деп жазыңдар. Артық сөз жазбаңдар» деді.

Қанша отырғанымды білмеймін, бір-бірлеп шақырып, кіргізген бөлмеде алдымыздан да, жанымыздан да суретке түсірді. Түсініктеме жаздырды. Содан кейін босатты. Сыртқа шықсам, қараңғылық әбден қоюланыпты. Көшеде толған әскери адам. Дала сықырлаған аяз еді. Советская көшесі 167-үйде тұратынмын. Жатақханаға дейін жаяу келдім. Бөлмеге келсем, ешкім жоқ. Радио қақсап тұр. Кереееттің шетіне отыра қалдым да, сол отырғаннан таңға дейін жыладым. Қолымның ауырғанын да елемедім. Ешкімнің қолдау көрсете алмағанына, пір тұтатын қазақтың зиялы дейтін азамат ағаларының да көмектесе алмағанына нали отырып, жыладым. «Тапталған намыс» деп жатамыз. Тапталған намыстың қандай болатынын сол түні анық түсіндім.

1991 жылы Тәуелсіздік алғанымызды естігенде, оның мәңгілік болуын тілеп, ешкімге көрсетпей үнсіз жыладым. Сол кездегі тауға қарап, армандаған ойым есіме түсті...

Зүлфат
ХАБИЕВА





Аскарбек Қазанғап:
Айтылатын, қаузытын тақырып әлі де көп. Біздің көтеріп жүрген мәселеміз — қоғамдағы өткір мәселелер. Біреу уағыз арқылы, біреуі репортаж арқылы көрсетіп жатыр. Оның әрқайсысының өз аудиториясы бар. Бұл белгілі бір деңгейде хайп болуы мүмкін.



Көрерменнің бірі болмаса, екіншісі көріп ойланса деген оймен жасалған дүние. Ерекшелігіміз — өзге телеарнада дәл осындай формат болмағандығында. Бұл бір жанашылдық десек болады. Алдағы уақытта жобаны жетілдіріп, ауқымын кеңейту де ойда бар.

Сұхбаттасқан Макпал
НОҒАЙБАЕВА



ӘЙ, ТҮШ!



Қазақ қызы қандайсың?

Marsel:

Қыздарың қайда, мен оқыған кітаптан, Бұрмелі көйлек киіп, үкі таққан. Келгелі көргенім, қысқа көйлек, Бетіне бес тонна далап жаққан.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП:

Бірдей емес, қолыңдағы бес саусақ, Кір іздеумен қайтесің сен, бос қаузап. Қай ұлтта да табылады ондайлар, Құр ылмекпен құрмасаңшы сен тұзақ,

Marsel:

Мен қазақ қыздарына қайран қалам, Таңды таңға атырғым тайраңдаған. «Қыз өссе, елдің көркі» деген сөзді, Жаңылып айтқан екен сенің бабам,

Мен қазақ қыздарына қайран қалам, Желізумен ертеңін ойламаған, Қай жолға бастап жатыр жастарымды, Қыздарың шешініп-ап, тайраңдаған.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП:

Қарап айтқан сөздің мәнін қашыр ма, Ондай қыздар бар ғой бізде расында. Тал бесікстен дұрыс болса тәрбие Сауық құрғат жасұрмас қыздар расында.

Африкадан келген жігіт аңдыт ой, Санаңдағы жансақ ойды бірге жсой. Көздеріңді шел басқан ба, әй, бала, Қазақ қызы осы, міне, таныт қой.

Marsel:

Бұрмы бар қыздардан, шылығы бар қыздар көп, Етегі ұзын қыздардан, кірпігі ұзын қыздар көп. Инабатты қыздардан, инновационный қыздар көп. Келін болуды аңсаудан, елден алуды аңсау көп, Бір хіден тыйылған, қазір ондай қыздар жоқ,

Аскарбек ҚАЗАНҒАП:

Қазақ қызы намысым, сыңғырлаған сезімдей, Айша Биби, Домалақ аналардың көзіндей. Баян Сұлу, Қыз Жібек, Еңліктердің көзіндей, Намысыңды ерлерім қорғасыңшы көзімдей. Мәңгігім мен Әлия жасудың бетін қайтарған, Сәбира мен Ләззатым гүлім еді жайқалған. Фариза мен Марғұлам елдің сөзін айта алған, Қазақ қызы ешкімнен кем тұспейтін майталман.



Jas qazaq: «Әй, түш!» атауы неден шықты?

Аскарбек Қазанғап: Былтыр айтыс тақырыбына байланысты «Аптап» бағдарламасында үлкен репортаж дайындап, онда өзіммен-өзім айтысатындай монтаж жасадым. Сол кезде басшылық айтысқа қатысты идея жақсы шыққанын айтты. Бағдарлама жетекшісі Срайыл Смайыл ағамыз: «Айтыс тақырыбын әрі

КТК

арнасындағы «Әй, түш!» жобасы аз уақытта көрермен көзайымына айналды. Қоғамдағы өзекті мәселені Марселмен бірге талқылау – телеарнадағы ерекшелік. Алайда елді елең еткізген «Жоба қалай дүниеге келді, идея қалай туды?» деген сауал жұртты қатты қызықтырады. Осы орайда қара баланың қарсыласы, КТК арнасының журналисі Аскарбек Қазанғапты әңгімеге тарттық.

тумасы.

Анасы — орыс, ал әкесі — африкалық.

«Әй, түш!»: Дайтарғы көп

қарай жетілдірсен» деген ұсыныс тастады. Ойластыра келе, қоғамдағы өзекті мәселені «өзге ұлттың аузынан айтқызсақ» деген идея туды. Оның атауын айтыс дегеннен гөрі, «Әй, түш!» деп ескерту арқылы жеткізуді көздеп, «Әй, түш!» атадық. «Енді біз кіммен айтысамыз?» деген сұрақ туындаған кезде, ерекшелік болуы үшін қара нәсілді өзге ұлтты тандадық. Осы идея арқылы «Әй, түш!» бір аптада түсірілді.

Jas qazaq: «Әй, түш!» аз уақытта көрермен көзайымына айналды. Ал қарсыласыңыз ретінде Марселдің таңдалуы, оның қазақ тілінде қоғамдағы мәселені айтуы талайды танқалдырады. Дегенмен...

Қазақ ортасында өскендіктен, тілді жақсы біледі. Эфирді де жатсынбайды, себебі бұған дейін көптеген телевизиялық жобаларға қатысып жүрген. «Әй, түш!» те ол үшін жана жоба. Әйтсе де «халық алдында жағымсыз кейіпкер болып қалмаймын ба?» деп өз ойын айтып тұрады. Бірақ мақсатымыз — өзге ұлт арқылы қоғамдағы түйінді мәселені көрсету, көрерменге ой салу.

Jas qazaq: Жобада қоғамдағы өзекті мәселелерді көзге жүрсіздер. Ал алдағы уақытта қандай тақырыптарды таңдайсыздар?

...ӘРГЕН ЕКЕН!



Жасыратын ештеңе жоқ



Акын Сырбай Мәуленов бірде Алматының орталық моншасына барса, көп адамның ішінен Сәбит Мұқановқа көзі түсіп кетеді. «Қой, Сәбенді жалаңаш көргенім ұят болар», — деп ойлап, Сыраған түпкірдегі бір бұрышқа барып, теріс қарап жуына бастайды. Сөйтсе, Сырбайды Сәбен байқап қалыпты:

— Әй, Сырбай, менің сенен жасыратындай ештеңем жоқ. Жасырайын десем де тыржалаңашпын. Одан да сен бері келіп, арқамды ысып бер, — депті Сәбен дауыстап.

«Балалар әдебиетін көтеріп келем...»



Домбыра жасаудың шебері әрі белгілі балалар жазушысы Қабыш Жәкенов бір қол, бір аяғынан тұра алмай сырқат болып қалады. Акын Темірше Сарымбаев Қабышты арқасына көтеріп алып, жоғарғы қабаттағы бір дәрігерге апара жатады. Теміршенің арқасында келе жатқан Қабыш үшінші қабатқа шыққан кезде:

— Темірше, шынашақтай шалды көтере алмай еңтігіп қалдың ғой, — депті. Сонда Темірше: — Қабеке, мен жалғыз сізді ғана емес, қазақ колөнері мен балалар әдебиетін қоса көтеріп келемін емес пе, қайтейін енді! — деген екен.

Жұмыс пен жыныс



«Арай — Заря» журналының бас редакторы, жазушы Әшірбек Көпішев бірде суретші інісі Еркін Нұразхановқа: «Бізге бір мықты суретші тауып берші», — деп өтініпті. Келесі күні Еркін Мәскеудің полиграфиялық институтын бітірген жас келіншекті алдына ертіп барлады.

— Еркінжан-ау, мен саған ер адам тапсырып едім ғой, — дейді Әшірбек ыңғайсызданып. Сонда Еркін: — Әшеке, сізге адамның жұмысы керек пе, әлде жынысы керек пе? — депті.

(«...Деген екен!» кітабынан.
Құрастырған Мақсұтбек НИЯЗБЕКОВ)

БАСПАСӨЗ – 2019



JAS QAZAQ

**Жазылу
индексі
65032**



**Жазылу еліміздің кез келген
«Қазпошта» бөлімшелері
арқылы жүргізіледі**

**Жазылу индексі
65032**

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы
(8 702 799 79 23)

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары
(8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы
(8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия
mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан
облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
**Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима
ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2142;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.